



## «ШЫРШАНЫ ҚОРҒАЙМЫЗ ЖӘНЕ САҚТАЙМЫЗ!» табиғат қорғау акциясы аясында суреттер мен коллаждар шығармашылық байқаулары жарияланады

**Байқауды өткізу мақсаты** – ақпараттық-көрнекі үгіт арқылы жаңа жыл қарсаңында шыршаларды кесу мәселесіне халықтың назарын аудару.

**Байқауды өткізу тәртібі:** байқауды өткізу форматы – жеке. Жұмыстарды ғылым, мониторинг, экологиялық ағарту және туризм бөліміне ұсыну қажет.

**Байқау алаңы:** Батыс- Алтай мемлекеттік табиғи қорығының табиғат мұражайы

**Қатысушыларға қойылатын талаптар:** байқауға мектеп жасына дейінгі балалар, оқушылар, студенттер және жас шектеулерінсіз барлық тілек білдірушілер қатыса алады.

### Байқауларды өткізу тәртібі мен мерзімі:

Өтінімдер мен материалдарды қабылдау 4.12 бастап 27.12.2023ж. (қоса) аралығында

Бағалау мерзімі 05.01 бастап 15.01.2024ж. аралығында

Марапаттау 17.01.2024 ж. бастап (естелік сыйлықтар мен мақтау қағаздары)

### Жұмыстарға қойылатын талаптар:

1. Жұмыстарды қатысушылар өз бетінше орындайды. Жұмыс қатысушылардың жасына сәйкес келуі керек, ересектер көмекші, куратор бола алады.
2. Шығармашылық жұмыстарда байқаулардың негізгі тақырыбын көрсету қажет: проблемаларды атап өту және қылқан жапырақты ағаштарды сақтаудың шешімін табу.
3. Байқауға түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқауға ұсынылған барлық материалдарды қорық авторға сілтеме жасай отырып пайдалана алады.

**а. Сурет** – ашық қанық түстерде орындалған

Байқауға жұмыстар қабылданады:

- қолмен орындалған, форматы А- 3, А-2;

-маңызды шарт: мемлекеттік және орыс тілдерінде табиғатты қорғауға шақыру.

**б. Коллаж** - бұл қағаз, газет, фотосуреттер, таспалар, табиғи материалдар және т. б.

сияқты көптеген материалдардан тұратын өнер туындысы.

Байқауға қабылданатын жұмыстар:

-қағазда форматы А1, А3 түрлі түсті немес ақ-қара түсте;

-мемлекеттік және орыс тілдерінде;

-маңызды шарт: коллаждарды табиғатты қорғауға шақыру ақпараты болу керек.

### Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

- ✓ Креативті идеяның өзіндік ерекшелігі

- ✓ Байқаудың тақырыбына сәйкестігі
- ✓ Автордың шығармашылығы және қиял байлығы
- ✓ Көркем образдың тұтастығы
- ✓ Стандартты емес орындау техникасы мен көркем материалдарды қолдану
- ✓ Тақырыпты ашудың өзектілігі мен тереңдігі
- ✓ Жұмыс пен автордың жасының қатынасы (жас санаттары: 3 жастан 6 жасқа дейін; 7 жастан 11 жасқа дейін; 12 жастан 18 жасқа дейін; 19 жастан жоғары).
- ✓ Жұмысты ресімдеу талаптарына сәйкестігі

**Байқауға ұсыну қажет:**

- 1.Өтінім
- 2.Шығармашылық жұмысты

*Өтінім нысаны*

**ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**

1	Сурет немесе коллаждар	
2	Қатысушының аты- жөні, тегі	
3	Оқу орынының немесе мекеменің толық атауы (қысқартылмаған)	
4	Жасы, сыныбы	
5	Ұялы телефоны	
6	Сертификаттар маен алғыс хаттарды жіберу үшін E-mail	

**Шығармашылық байқаудың жеңімпазын марапаттау**

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады. Жұмыстар жас санаттары бойынша бағаланады. Байқау комиссиясы байқау материалдарын қарау мерзімдерін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Жеңімпаздар қатарына кірмеген сайыскерлер қатысқаны үшін мақтау қағазын алады. Қолы мен мөрі бар құжат электронды түрде жіберіледі!

**Мекен-жай:** Шығыс Қазақстан облысы,

E-mail: [epit\\_zagpz@mail.ru](mailto:epit_zagpz@mail.ru)

Риддер қаласы

Жұмыс тәртібі: дүй.-жұма 08:00-17:00

Семипалатинская к. 9

**Телефон:** 8 (72336) 77287

**Байқауда тек сәттілік пен жеңіс тілейміз!**

2024

